

Топырақтану ғылымының  
қалыптасуындағы В.В.  
Докучаевтің рөлін атаңыз


Орындаған: Мақсатқызы.Д

XIX ғасырдың көптеген табиғаттанушы – саяхатшылардың қаратопыраққа біршама көңіл аударып, оның пайда болуы туралы өздерінің болжамдарын айтқандарымен, қаратопырақтардың шын мәнісінде пайда болуы, олардың таралуы мен қасиеттері, көп жыл бойы бидай егісіне пайдаланудан топырақ құнарының азаю себептері осы ғасырдың 80-жылдарына шейін белгісіз болып келді. Міне, осы мәселелерді шешу үшін Ерікті экономикалық қоғам 1876 жылы арнайы қаратопырақ жөнінде комиссия құрды.



Комиссия жұмысына Петербург университетінің геология және минерология кафедрасында қызмет ететін жас геолог В.В. Докучаев шақырылды. Бұл таңдау кездейсоқ емес еді. Өйткені ол бұрында Ерікті экономикалық қоғамның Петербург табиғат зерттеушілер мен минерологтар қоғамдарының белсенді мүшесі болып, осы қоғамның қаржыларымен экспедиция ұйымдастырып, топырақтануға жақын мәселелермен, дәлірек айтсақ, төрттік дәуірдің шөгінділермен

## В .В. Докучаев




Мұнда келген соң В.В.Докучаев қаратопырақ жөніндегі комиссиясының қаратопырақтың геология-географиялық және физика-химиялық зерттеу бағдарламасын жасады. 1877-1878 жылдары далалық геология-географиялық зерттеу жұмыстары В.В. Докучаевтың басқаруымен жүргізілді. Қаратопырақты облыстарға, негізінен ат көліктерін пайдаланып, мыңдаған шақырымдық маршруттар жасалды. Бірнеше жүздеген топырақ және геологиялық шұңқырлардың сипаттамасы жасалды, жер бедері, өсімдіктері туралы да мағлұматтар жиналды. Физика-химиялық талдауға әр жердің топырақтары мен тау жыныстарының үлгілері алынды.

1883 жылы В.В.

Докучаевтың тарихта  
топырақтану жөніндегі  
әлемге әйгілі “ Орыстың  
қара топырағы” деген  
ғылыми еңбегі жарық  
көрдi.

Бұл туралы В.В. Докучаевтың шәкірті В.И. Вернадский кезінде:  
“Органикалық химияның дамуына бензол, физиологияның дамуына бақа қандай міндет атқарса, топырақтану ғылымының дамуына В.В. Докучаевтің “Орыс қаратопырағы” деген еңбегі де сондай міндет атқарды” деп жазды

## В.И.Вернадский



“ Орыс қара топырағы” еңбегінің нәтижесінде Докучаев тек қара топырақтың пайда болуы ғана емес, сонымен қатар оның қасиеттерін, кеңістіктегі өзгерістерін, таралу заңдылықтарын анықтай келіп, жалпы топырақ туралы жаңа түсінікке келді. Топырақты зерттеудің ерекше жаңа топырақ географиялық салыстырмалы әдісін ұсынды. Докучаев топырақтың табиғаттың ерекше табиғи әрі тарихи денесі екенің анықтады. Топырақтың өте күрделі құрылымды екенін, ол өзін түзген тау жыныстардан морфологиялық көрінісі мен химиялық құрамы жағынан жақсы ажыратылатынын, оның қалыңдығы тек жыртылған қабатпен шектелмейтінін көрсетті

Ол 1880-1896 жылдары Петербург университетінде минерология және кристаллография пәндерінен лекция оқыды.

1871 жылы Петербург университетіндегі табиғаттану ғылымы бөлімінің физика-математика факультетін бітіріп, геология кабинетінде істеді





1872 жылы Петербургтегі табиғат зерттеушілер қоғамының тұрақты мүшесі болды.

1873 жылы минерология қоғамының мүшесі болды.

1874 жылы жоғарыда аталған қоғамның геология және минерология бөлімшесінің секретары болды.

Ол 1877 жылдан қара топырақты аймақтың топырағын зерттеуге кірісті. Ресейдің бірнеше губерниясының топырақ қыртысын зерттеуге экспедициялар ұйымдастырып, оған басшылық етті.

1888 жылы Ерікті экономикалық қоғам жанынан В.В.Докучаевтың басқаруымен арнайы топырақ комиссиясы құрылды. Бұл Ресейдегі топырақ зерттеу комиссиясы – бүкіл дүниежүзіндегі бұл саладағы бірінші топырақтану ғылымының ұясы еді. Бұл комиссия жұмысына тек ғалымдар ғана емес, топырақтануға қатысы бар басқа мекемелер қызметкерлері де тартылды.

Докучаевтің қажырлы еңбегінің арқасында 1899 жылы ұйымдастырылып шыға бастаған топырақтану саласындағы ғылыми – теориялық “Топырақтану” (Почвоведение) журналы күні бүгінге дейін Ресей ғылым академиясының топырақтану жөніндегі негізгі және осы саладағы жалғыз журналы.

1891 жылы Ресейдің қара топырақты зонасының негізгі жерінде қатты құрғақшылық болды. В.В. Докучаев “Біздің далаларымыздың бұрынғысы мен қазіргісі деген классикалық еңбегінде Ресей диқаншыларының егіншілікті дұрыс жүргізбей, топырақты тоздырғаныжайлы сөз болды. Егістіктерді ауыстырып екпей, бір жерге бір дақылды қайталап еге бергені, ылғал сақтау шараларын қолданбауы, ол үшін орманды ағаш жүйелерін тиімді пайдаланбағаны жайында да айтылды.

В.В. Докучаев Ново-Александр  
ауыл шаруашылық институтында  
директор болып қызмет атқарады.



1891-1895  
жылдар  
арасында




Институтта әлемде  
бірінші болып  
топырақтану  
кафедрасын ашты

Кафедраны Докучаевтің  
шәкірті Н.М.Сибирцев  
(1680-1900) басқарды.

Ол 1900 жылы  
Докучаевтің топырақ  
жайындағы идеяларын  
жүйелі етіп баяндаған  
алғашқы “Топырақтану”  
оқулығының авторы.

**Н.М.  
Сибирцев**



1898-1900 жылдары Докучаев Кавказ тауларының топырақтарын, Түркістан, Каспийдің шығысын, тіпті, Қарақұмдағы Чарджау аймағындағы Репетек құмдарын, гипсті топырақтарды зерттеді. Докучаевтың бұл әртүрлі аймақтарды зерттеу, оның топырақтану жайындағы ілімінің аясын кеңейте түсті. Бұл топырақтың жалпы ландшафтардың көлденең және тік зоналық заңдарын негіздеуге мүмкіндік берді.

Осы зерттеулер нәтижесінде 1989 жылы Докучаев “ Табиғат зоналығы туралы ілім, көлденең және тік белдеулік зоналары” атты еңбегі жарық көрді



В.В.Докучаевтің Жердің терістік  
жарты шарының сызбанұсқалық  
топырақ картасы 1900 жылы  
Парижде өткізілген Әлемдік  
көрмеде көрсетіліп, дипломға ие  
болды.

Докучаев 1903 жылы 26 қазанда  
Петербург қаласында дүниеден  
озған. КСРО – да Докучаевтың  
теориялық және практикалық  
еңбектері жоғары бағаланады.  
Оның 100 жылдығына орай  
топырақтану саласындағы үздік  
ғылыми еңбектерге Алтын медаль  
және В.В.Докучаев атындағы  
сыйлық берілді.

Докучаев ұйымдастырған  
топырақ зерттеу комиссиясы  
1913 жылы Топырақтану  
ғылыми – зерттеу институты  
болып қайта құрылды. Бұған  
Қазан революциясынан кейін В.  
В.Докучаевтің есімі берілді